

**«Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімі Ө.Жолдасбеков атындағы  
№50 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**



**Орындаған** 8 «Б» сынып оқушысы Әшімхан Алтынай  
**Ғылыми жетекшісі** информатика пәнінің мұғалімі  
Мейраханқызы Н



**ТАРАЗ ҚАЛАСЫ – 2015 ЖЫЛ**



**I Кіріспе**

**II Негізгі бөлім**

**2.1 Adobe Photoshop бағдарламасы**

**2.2 Adobe Photoshop бағдарламасының тиімділігі**

**2.3 Adobe Photoshop бағдарламасының кері әсері**


**III Тәжірибелік бөлім**

**Бағдарламамен жасалған суреттер**

**IV Қорытынды**

**IV Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

**VI Ғылыми зерттеу журналы**





## **Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:**

**Adobe Photoshop бағдарламасының қолданылуына сараптама жасап, тиімділігін көрсетіп, кері әсерін анықтау.**


**Міндеттері:**

- ❖ **Adobe Photoshop бағдарламасы туралы жалпылама ақпарат беру;**
- ❖ **Adobe Photoshop бағдарламасының тиімділігін мысалдар көрсету арқылы дәлелдеу;**
- ❖ **Шетелдік тәжірибелерді ескере отырып, Adobe Photoshop бағдарламасының зиянын көрсету.**





## Adobe Photoshop бағдарламасы



Adobe Photoshop бағдарламасы - графиканы редакциялау үшін жасалған. Бағдарламаны Adobe Systems inc. фирмасы өңдеп жариялаған. Adobe Photoshop-ты кәсіпқой фотографтар, цифрлық суретшілер, графикалық дизайнерлер, веб-дизайнерлер және қарапайым қолданушылар пайдаланады. Бағдарламаның жаңа нұсқаларында бірнеше интерфейс бар, осы арқылы оны әркім өзіне ыңғайлы күйге келтіреді. Бұл бағдарлама суреттеріңізді түзетуге, мөлшерін өзгертуге, кесуге, түс түзетуін жасауға мүмкіндік береді. Бағдарламада сурет сала аласыз, осы мақсатта көптеген құралдар бар: brush, mixer brush, art history brush, pencil және т.б. Фотошоп растр суреттермен жұмыс істейді, бірақ вектор объектілерді қолдайды.





Adobe – Photoshop-ты алғаш жүктегенде фотошоптың негізгі терезінде жүктелген графикалық файл көрінеді. Негізгі терезе келесі элементтен тұрады:

1. Меню қатары: Edit, layer, image, select, filter, view, window, help.

Image – тікелей бейнелермен жұмыс істеуге арналған.

Layer – қабаттар мен жұмыс істеуді ұйымдастыру.

Select – ерекшелену және онымен жұмыс жасау.

Filter – функцияның әр-түрлі қызмет атқаратын қосымша модельдерінің жиынтығы

Window – палитраларды қосу және ажырату.

2. Инструменттер палитрасы: Жұмыс істеу барысында ең жиі қолданылатын барлық негізгі

құралдар орналасқан элемент. Көпдеген инструменттердің батырмасында қосымша элементтерді шығаратын тілшелер орналасқан



3. Параметрлер палитрасы (Options): Инструменттерді өзгертуге болатын параметрлері көрсетіледі.

4. Палитралар — Спецификалық қызмет атқаруды басқару элементі топтастырылған кішігірім терезе.

5. Қыстырмалар – Үнсіз келісім бойынша экранда 3-ші пайда болады. Олар: Browser (Шолушы), Too Presets және Layer Comps. Олар жиі қолданылатын файлдарды тез шақыру қызметін атқарады. Кез келген палитраны қыстырма ретінде қаастыруға болады.




# Adobe Photoshop бағдарламасы



Графикалық программалар ішінен Adobe Photoshop программасы – графикалық және мультимедиялық программаларды өңдеуде 17 тілде танылған және 215 халықаралық жетістікке жеткен 70 мемлекетте қолданылатын программа. Бүгінгі таңда бұл бағдарлама суретшілердің, фотографтардың және дизайнерлердің қолданысына ие. Бағдарламаның алғашқы түпнұсқасын ағайынды Томас және Джон Нолл жасаса, қазіргі уақытта өңдеушілердің саны 41 болып тұр





## **Adobe Photoshop бағдарламасының тиімділігі**

Adobe Photoshop бағдарламасының қолданыста болғанына 22 жыл ғана болса да, қазіргі қоғамның дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан арнайы графикалық программа.

Маркетингтік ақпарат – нарық билеген елде экономиканы ілгері жылжытудың басты тетігі, көзі. Яғни, маркетинг – ағылшын тілінен аударғанда нарықты жасау деген мағынаны білдіреді. Маркетинг бүгін өзінің даму барысында ғылымға, бизнестің өзегіне айналды. Жарнамалық шараларды жүргізу де – осы маркетингтік қызмет болып табылады. «Жарнама – сауда двигателі», деп бекер айтпайды.



## **Adobe Photoshop бағдарламасының қолданылу аясы**

Adobe Photoshop бағдарламасы эстетикалық медицинада үлкен сұранысқа ие. Бүгінгі таңда эстетикалық медициналық клиникалар өз жұмыстарында әр түрлі графикалық редакторлар мүмкіндіктеріне жүгінуде. Мәскеу клиникаларындағы мәліметтерге сүйенсек, Adobe Photoshop бағдарламасы адамның бастапқы морфингісін жасау үшін қолданылатын өте әйгілі программалық орта.

Пластикалық операция жасатуға тәуекел еткен адамды алдымен фотоға түсіріп, суретті компьютерде сақтап алады. Adobe Photoshop бағдарламасы арқылы операция жасалатын жерлерге өңдеу жұмыстарын жасайды да «дейін» және «кейінгі» нәтижені экраннан көрсетеді. Өңделген сурет емделушінің операциядан кейінгі нәтижесін көрсетеді.

Осылайша, Adobe Photoshop бағдарламасы дәрігерлер үшін - операцияның сәтті шығуына мүмкіндік береді.

# Эстетикалық операцияға Photoshop бағдарламасы арқылы қолданылатын бірнеше нұсқаларды көрсетсек.



Photoshop бағдарламасы – адамның сыртқы келбетін әдемі етіп өзгертуге мүмкіндік беретін программа. (салыстыру фотолары СЛАЙД)

Компьютерлік технологияны қолданып жүрген ғалымдардың айтуынша операция алдындағы компьютерлік модельдеу емделуші мен медицина қызметкерінің арасындағы сенімділікті нығайтып, жоғары нәтижеге жетуіне себеп болады екен.

Алдағы уақытта отандық медицина қызметкерлері де Adobe Photoshop бағдарламасының ерекше мүмкіндіктерін қолданып, тереңірек пайдаланса деймін.



Мамандардың айтуынша, Photoshop күннен күнге дамып келе жатыр. Photoshop –тың жаңа мүмкіндіктерінде шектеу жоқ. Бағдарламаны толық көлемде жетік меңгермесе де, әр адам минимум дегенде өз фотосын қалауы бойынша өңдеуіне мүмкіндігі бар. (Мысалы: суреттің өңделуі )

Полиграфиялық өнім кез келген кәсіпорын жұмысының ажыратылмас бөлігі болып табылады. Ол бөліктерге визиттік карточкалар, фирмалық бланкілер, тауардың этикеткасы, билеттер, күнтізбелер, открыткалар, шақыру билеттері, дипломдар, грамоталар, блокноттар, қойын дәптерлер, пакеттің сырттары, кітаптар мен журналдар жатады.

Семей қаласы ғана бойынша полиграфиялық өнімді шығаратын 42 орын жұмыс жасайды. Атап айтсақ, жоғары сұранысқа ие: «СЕМЕЙ-ПОЛИГРАФИЯ», «PRINT», «Регион Сем Пресс», «МАСКА» дизайн студиясы, «ПОЛИГРАФ ПОЛИГРАФЫЧ», «ПОЛИГРАФСЕРВИС» типографиясы, «Семей Коркем», «Konica», «Фотомир» т.б. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлердің де полиграфиялық қызметтеріне жүгінуге болады: "Арбат", ЖК Евдокимов , Амиргазина А.О., «Аскар и К» т.б.





  
Журлыауы: Есен Смаулов

**JAIDARMAN**  
Атырау қаласы әкімінің  
жазғы сарайы

**КВН**  
ӘДЕБИЕТ МАУСЫМЫ  
Атырау қаласы әкімінің  
жазғы кубогі


**15**  
МАУСЫМ

БАЙЛАМ  
САҒАТ  
19.00

8 702 542 76 96

Өтетін орны: ҚҰРМАНҒАЗЫ  
атындағы мәдениет сарайы






# Adobe Photoshop бағдарламасының кері әсері

Adobe Photoshop бағдарламасының тиімділігі мен қоса оның кері әсері де бар. Бірнеше мемлекеттің саясаткерлері «Азаматтардың психикасына жарнамалар мен бұқаралы ақпараттар құралдарындағы фотошопталған суреттер кері әсер етеді» деген пікірге келіп отыр. Ұлтты жан күйзелісінен арылту үшін заңды түрде фотошоппен күресуді ұйғарып отыр.

Көрік пен әсемдіктің дүниежүзілік қалыбы ақылға сыймастай ұлғайып отыр. Осы тұрғыда қарасақ, Photoshop бағдарламасының заманына «нүкте» қойылды деп айтуға болады.




Жарнама агенттіктері мен баспаханалардың, атап айтқанда компьютерлік технологияны, иллюстрацияны пайдалану арқылы адамдардың денесіндегі сәйкессіздікті жарнамалайтын кәсіпорындардың жұмыстарына шектеу қоюда. Бұл тек адамның денесіне ғана емес, азық – түлікке, киім үлгілеріне, интерьерге, демалыс орындарын жараманалауға да қатысты айтылған.

Саясаткерлердің пікірінше, өңделген суреттің дауылы тұтынушыларды ақша шығынына және жан күйзелісіне ұшыратып, олардың жүйке жүйесінің жұқаруына, физикалық әлсіреуіне әкеледі.








Халықты алдап –арбауды тоқтату мақсатында бірінші болып бастама алған француз парламенті болды. Компьютерлік ретуштің бұқаралық ақпараттар құралдары мен жарнамаларда қолданудың алғашқы наразылық толқынын депутат Валери Бойе көтерді. Жүздеген француз парламенттерін жұмылдырып, 2009 жылдың қыркүйек айында заң шығарды. Заң бойынша адамның сырт келбетін компьютерлік өңдеуге ұшыратып, оның шынайы сипатын өзгертіп көрсететін кез-келген жарнамалық суреттерде «сурет өңделген, адамның сырт келбеті өзгертілген» деген жазудың жазылғанын атап айтқан.


Валери Бойенің айтуы бойынша «Компьютерлік ретушті қолдану адамдардың сенгіштігіне әкеледі. Тұтынушылар шынайы өмірде жоқ нәрсеге ұмтылып, өз бойларындағы кемістікті жоюға тырысады. Нәтиже шықпағандықтан, өз кемшіліктерін жою мақсатында психикасын, денсаулығын, тіпті өмірін де қауіп қатерге тігеді. Ең бірінші кезекте шоу – бизнес жұлдыздарының жақсартылған суреттеріне қарап жасөспірімдердің өзін - өзі бағалауы күрт «төмендейді» деген.





Бойенің заң жобасы бойынша Photoshore бағдарламасы арқылы өңделген суреттерді ескертусіз пайдалану 37 500 евромен ғана шектелмейді, кей жағдайларда азаматтарды 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруына дейін апарады.

Ал Италия мемлекетінде модельдерді жарнамалауда яғни 175 см бойы мен 55 кг салмақтағы суреттерді қолдануға тыйым салу туралы заң шыққан. Сол сияқты Испания мемлекеті де бұл заңды қолдап отыр.




# Бағдарламамен жасалған суреттер

Отпен және мұзбен жазу


Кемпірқосақ



Кристалл



Аспан



ПРИКМАХЕРСКАЯ  
**ЕЛЕНА**  
 MANCHESTER.RU  
**ОЛЕСЯ**  
 парикмахер  
 женский мастер  
 наращивание ресниц  
 тел: 8-912-XXX-XXXX






## IV Қорытынды



Photoshop бағдарламасын 70 елде қолданады. Бірақ қолдану барысында арнайы мамандардың болмағандығынан үлкен қателіктер де кетіп жатады. Мысалы, жұмысына салғырттықтан немесе немқұрайлы қарағандығынан жалтырақ журналдар мен үлкен көлемді билбордтар, банерлер мен панноларда біршама қателіктер байқалады.


Осындай қателіктерді жою үшін Photoshop бағдарламасын жетік меңгерген, жоғары білімі бар дизайнерлер мен полиграф мамандарынан тұратын комиссияның құрылып, барлық елдегі жарнама беттеріндегі ақпаратты сараптап, талқылап, қолдануға берілсе деген ойым бар.

Қазіргі компьютерлік графикалық бағдарламаларды қолданып жоғарыда айтылғандай пластикалық операциялар кеңінен жасалуда. Бірақ, технология мен адамның мүмкіншіліктері сәйкес келмей жатқанда пластикалық операцияның ойдағыдай болмайтынына көзіміз жетеді.





Жоба барысында «Photoshop бағдарламасының мүмкіндіктері мен қолдану тиімділігі мен кері әсері » жан-жақты зерттеу негізінде қарастырылды. Негізгі мәселелер толығымен қарастырылды деп айтуға болады. Photoshop бағдарламасының мүмкіндіктері шексіз, сонымен де бұл бағдарлама қазіргі таңда сұранысы өте жоғары, экономикалық жағынан кіріс көзінің негізін құрайтын өте беделді бағдарламалардың бірі. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктеріне сай сұраныста алатын орны ерекше, ол кез-келген салада, технологиялардың шарықтап тұрған саласында өте қажетті бағдарлама.





Бұл бағдарламамен жұмыс жасауды бірден игеру мүмкін емес, оған уақыт, төзім, шыдамдылық пен қажымас қайрат керек, уақыт өте келе бағдарлама арқылы жасалған нәтижелер өз жемісін береді. Бағдарлама өте қызықты, кез келген жұмыстың нәтижесі адамды қызықтырып, шығармашылық жұмыстармен айналысуға деген құштарлыққа жол ашады. Тек қана оның жасалу жолдарын білу арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізуге болады. Кез келген адам өзінің шығармашылықпен айналысқанды жақсы көреді деп ойлаймын.





